



Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 12 ақпандағы N 99 қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 22 шілдедегі N 681

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігін Көкшетау қаласына көшіру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 12 ақпандағы N 99 қаулысына P980099_ мынадай толықтыру енгізілсін:

1-тармақ "бас басқармасымен" деген сөздерден кейін "жер қойнауын қорғау мен пайдалану жөніндегі Солтүстік Қазақстан аумақтық басқармасымен, Тұрақты даму ұлттық экологиялық орталығымен, Геология, экология және табиғи ресурстар ақпараттық-талдау орталығымен" деген сөздермен толықтырылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі